



ЖАРИЯ ОФЕРТА

А3 Принт полиграфиялық өнімін дайындауға

1. Жалпы ережелер

Бұл құжат – «А-три-принт» ЖШС-ның (әрі қарай – Орындаушы) төмендегі шарттар негізінде кез келген жеке және заңды тұлғамен (әрі қарай – Тапсырыс беруші) баспахана өнімін дайындау шартын жасауға ресми ұсынысы.

Егер бөлек жазбаша шарт жасасқыңыз келмесе немесе мүмкіндігіңіз болмаса осы Офертаны пайдалана аласыз.

Тапсырысқа төлем жасау немесе макетті растау фактісі осы Офертаның шарттарына толық әрі шартсыз келісімді (акцепт) білдіреді.

Офертаның мәтіні Интернет желісіне мына мекенжай бойынша ашық жарияланған:

<https://a3print.kz/oferta>

2. Шарттың мәні

Орындаушы баспахана өнімін (әрі қарай – Өнім) Тапсырыс беруші ұсынған баптауларға және талаптарға сай дайындауға, ал Тапсырыс беруші орындалған жұмыстың нәтижесіне ақы төлеп, оны қабылдауға міндетті болады

3. Акцепт оферты и начало выполнения работ

3.1. Офертаны қабылдау келесі әрекеттердің бірі арқылы жүзеге асырылады:

- қолма-қол төлем жасау, берілген шотты немесе өзге төлем жүйелерін пайдаланып төлеу
- тапсырысты WhatsApp арқылы, электрондық пошта арқылы немесе кеңседе жеке растау
- өндіріс үшін түпнұсқа макетті бекіту

3.2. Егер мына шарттардың барлығы орындалса, Орындаушы тапсырысты орындауға келесі жұмыс күні кіріседі:

- есепшотқа немесе кассаға 100% алдын ала төлем түскен жағдайда

- Орындаушының техникалық талаптарына сәйкес бекітілген Түпнұсқа макет ұсынылған жағдайда
- техникалық тапсырма (ТТ) қарастырылған болса, ол келісілген жағдайда.

4. Дайындау мерзімі

- Дайындау мерзімі макетті бекітіп, алдын ала төлем алынған күннен бастап **20 (жиырма) жұмыс күніне дейін**
- Орындаушы жұмысты белгіленген мерзімнен бұрын аяқтауға құқылы
- Тапсырыс көлемі ұлғайған немесе параметрлері өзгерген жағдайда, орындау мерзімі тараптардың келісімі бойынша түзетілуі мүмкін

5. Макеттер және техникалық талаптар

- Егер Тапсырыс беруші толық емес техникалық тапсырманы берсе немесе оны әзірлеуден бас тартса, Орындаушы өнімді бекітілген макет пен ішкі технологиялық стандарттар негізінде дайындайды
- Ұсынылған файлдар мен деректердің дұрыстығына жауапкершілік Тапсырыс берушіге жүктеледі.

6. Өнімді қабылдау

- Қабылдау Орындаушының қоймасында немесе кеңсесінде тараптардың өкілдерінің қатысуымен, не болмаса Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша көлік компаниясы арқылы жүзеге асырылады
- Өнім тасымалдаушыға берілген немесе Тапсырыс беруші алған сәттен бастап, оның **кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі** Тапсырыс берушіге өтеді
- Егер Тапсырыс беруші өнімді алғаннан кейін **3 жұмыс күні ішінде** жазбаша шағым жібермесе, ол ескертусіз қабылданған болып есептеледі
- Бұл жағдайда Орындаушы біржақты қол қойған жүкқұжат екіжақты қабылдау-тапсыру актісінің күші бар құжат болып саналады

7. Төлем және есеп айырысу

- Төлем көрсетілген шот бойынша немесе кеңседе қолма-қол жүзеге асырылады
- Жұмыстар алдын ала төлем сомасына сәйкес көлемде орындалады
- Барлық бағалар теңгемен көрсетілген және ҚҚС-ты қамтиды

8. Тараптардың жауапкершілігі

- Орындаушы көрсетілген қызметтердің құнының шегінде орындалған жұмыстардың сапасына жауап береді
- Тапсырыс беруші ұсынылған деректердің, макеттердің, жеткізу мекенжайының дұрыстығына және келісім мерзімдерін сақтауға жауапты

- Орындаушы Тапсырыс беруші бекіткен макеттердегі қателер үшін жауап бермейді

9. Жеке деректерді өңдеу

- Тапсырыс беруші тапсырыс берген кезде Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес өзінің жеке деректерін өңдеуге келісім береді
- Деректер тек тапсырысты ресімдеу және орындау мақсатында пайдаланылады және заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға берілмейді

10. Басқа да шарттар

- Барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Орындаушы тіркелген жердегі сот тәртібімен қаралады
- Осы Офертада реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі

11. Орындаушының реквизиттері

- **«А-три принт» ЖШС**
- БСН: 101 240 016 760
- Заңды мекен-жайы: Алматы, Макаев 131/6, 136-кеңсе
- Телефон: +7 (700) 328-30-68
- Email: info@a3print.kz
- Сайт: <https://a3print.kz>

12. Танысуға және жүктеп алуға арналған құжаттар

- Баспахана өнімін дайындаудың прайс парағы — [жүктеп алу](#)
- Басып шығаратын файлдарға қойылатын талаптар — [жүктеп алу](#)